“ZIYATKER TURAN”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

160000, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданы, 192 квартал,20/5 ғимарат
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com



Товарищество с ограниченной ответственностью “ZIYATKER TURAN”

160000, Республика Казахстан, город Шымкент, м-н Туран, 192-й квартал, здание 20/5
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2024ж 02.09
№ 39/1 ж/қ
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
02.09 2024 года
№ 39/1 л/с
город Шымкент

«Педагогикалық әдеп кеңесін» қайта бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес, Шымкент қаласының білім басқармасының 07.04.2021 жылғы №10-05-43/2721 хатын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН

1. Бұл бұйрық «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына, сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-бабының 3 тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.
2. Аталған бұйрықта педагогикалық әдеп қағидалары және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары бекітілді.
3. Педагогикалық әдеп қағидалары мектеп педагогтеріне қолданылады.
4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қол жетімді орында орналастырылады.
5. Педагогикалық әдеп қағидаларын орындау мақсатында 2024 жылдың 31 тамызы күні өткізілген №1 педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде кеңес құрамы төмендегіше бекітілсін:

1. Кеңес төрайымы-Абдрасилов Е.К.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Әлібек Б.Ә.
3. Ағылшын пәнінің мұғалімі-Тортаева Ж.Н.
4. Ағылшын пәнінің мұғалімі-Агабекова А.Б.
5. Бастауыш пәнінің мұғалімі-Байбосынова А.П.
6. Ибраева Альфия Хасановна (ардагер ұстаз)
7. Хатшы-Тұрсынбекова С.Н.

Мектеп директоры: **Абдрасилов Е.К.**

Бекітемін

Кеңес төрайымы:

«ZIYATKER TURAN» мектебі
Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары
План работы Совета по педагогической этике
Школа «ZIYATKER TURAN»
2024-2025 оқу жылы

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1.	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы .** **Күн тәртібінде** 1. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 2.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті **№1 заседание Совета по педагогической этике.** **Повестка заседания:** 1. Внешний вид учителя при исполнении профессиональных обязанностей. 2. Соблюдения нормы и правила педагогической этики.	Қараша Ноябрь	Хаттама Протокол
2.	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы .** **Күн тәртібінде** 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті **№2 заседание Совета по педагогической этике.** **Повестка заседания:** 1.Соблюдение этических норм при публикации личных фото и видео, в соцсетях. 2.Педагогическая этика и педагогическая тактика 3. Педагогическая этика и культура речи	Қаңтар Январь	Хаттама Протокол
3.	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы .** **Күн тәртібінде** 1 Педагогтардың құқықтары 2 Педаггтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3 Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз	Сәуір Апрель	Хаттама Протокол

	ету және сақтау 4 Әр түрлі мәселелер **№3 заседание Совета по педагогической этике.** **Повестка заседания:** 1 Права учителей 2 Соблюдение этических норм учителями в общественных местах 3 Обеспечение и поддержание педагогической этики в школе 4 Разное		
4.	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы .** **Күн тәртібінде** 1 Педагог бейнесі 2 Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары 3 Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары 4 Әр түрлі мәселелер **№4 заседание Совета по педагогической этике.** **Повестка дня:** 1. Образ учителя 2. Самообразование как способ развития профессиональной компетентности 3. Этические требования к учителям в социальных сетях, общественных местах 4. Разное	Мамыр Май	Хаттама Протокол

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

1 қараша 2024 жыл

Қатысқандар:49

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті/ кеңес төрағасы: Абдрасилов Е.К.
2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті/кеңес мүшесі : Бүрхан Ж.С.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Абдрасилов Е.К. сөз сөйледі.

Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейдеңіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Ибраева Альфия Хасановна сөз сөйледі.

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Орынгүл Нұрғожақызы чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қортынды сөз. Кеңес төрайымы: Абдрасилов Е.К.

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Ардагер ұстаз, кеңес мүшесі Альфия Хасановна мұғалім тек мұғалім емес, ол жас ұрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты.Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазір көбіне мұғалімдерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады . Бұндай әрекет мұғалім мен оның беделіне қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1/ Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

2/ «Жас мамандар мектебі» клубы мүшелерімен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы: **Абдрасилов Е.К.**

Хатшы: **Тұрсынбекова С.Н.**

«ZIYATKER TURAN» мектебінің 2025 жылдың 31 қаңтардағы әдеп кеңесінің № 2 хаттамасы.

Қатысқандар: 49
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. **Педагогтардың қызмет этикасы нормаларын сақтауына мониторинг және бақылау жүргізу.**

(директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары – Каракулова Г.Ж.)

2. **Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Этикалық кодекс салаларында ҚР заңнамасын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.**

(директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Әлібек Б.Ә.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары –сөз алып, Каракулова Г.Ж.

«Педагог — жаңа ұрпаққа ғасырлар бойы жинақталған
барлық бағалы дүниелерді беріп, жалған сенімдерді,
кінәрәттар мен кеселдерді бермеуге тиісті адам»
А.В. Луначарскийдің сөзінен бастағысы келіп отырғандығын сөзге тиек етіп кетті.

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып тәрбиелеуде жаңаша ұйымдастырумен көкейкесті мәселе болып отыр. Біздің ең басты мақсатымыз сапалы білім, саналы тәрбие беру. Мұғалім өзіне жүктелген осы абыройлы міндетті жүзеге асыру жолында қолданылатын амал-тәсілдер құрамынан этика елеулі орын алады.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық бірінші принцип: дұрыс амандасу. Сәлем сөздің анасы деп бекер айтылмаса керек, кім болсада ең алдымен амандасу, ол адамның көрегенділігін, білімділігін, мәдениеттілігін көрсетеді.
Шебер мұғалім үшін ең бастысы ол кіммен болса да тіл табыса алуы, үйде достарының қасында, ұжымда болсын жағымды атмасфере тудыра біледі. Ал ең бастысы алдында отырған 30 баланы айтып жатқанын сендіре білу, көңіл-күйін айтқызбай ақ түсіну, деркезінде көмек көрсету, бұл қасиеттер мұғалім үшін аса маңызды дүние екендігін өзінің дайындап келген қысқа баяндамасынан көрініс тапты.
Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше ақыл ой мәдениетіне жету қиын. Ұлы педагог А.С Макаренко айтады: Оқушы сіздің еркіңізде, мәдениетіңізді жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек. Сөйлеу кезінде адамның адамгершілік қасиеттері, ерік-жігері мен қажыр-қайраты немесе жалтақтық, жағымпаздығы да айқын аңғарылып тұрады. Мұғалімнің дауыс ырғағы оқушыларға түрліше әсер етеді.
Сондай-ақ Ы.Алтынсариннің «Оқушы сабақты білмей қалса оған ұрыспау керек. Оған сабақты білдіре алмаған кемістікті өзіңнен іздеуің керек» деген өсиетін де есте сақтаған артықтық етпейді. Оқушы мұғалімнің сұрауына жауап бергенде, олардың сөздеріне, жауабына ынта қойып ұқыптап тыңдауды, оқушының сөзін бөлмеу, басқа оқушыларға бөлдірмеу, орынды жерде қоштап отыру, кейде жаңылысқан қиналған жерінді түзету жасап, жәрдемдесіп жіберуді де қолданып отыруымыз керек. Жәрдемдесу дегенді мұғалімнің өзі оқушының аузына сөз салып, жетектеуге айналдырып жіберуге болмайды. Кейде сабақты нашар оқитын оқушының тағдырын алдын ала шешіп қоюмыз кездеседі. Мысалы: Асанова тез тақтаға шықшы, сен бүгін де ештеңеге жауап беріп жарытпассың, сен Асанова ең болмағанда мынаған жауап берші… Бұл сияқты күдікті сөз ұнамсыз қылықты

көрген оқушының өзіне деген сенімі жойылады, ұнжырғасы түсіп, не намыстанып, кектеніп ұстазына да біліп тұрса да жауап бергісі келмейді. Сол сықты сабақты өте салғырт, нашар оқитын не салақ, олақ, жалқау оқушылардан күдер үзіп, көңіл бөлінбей, ескерусіз қалдырған жағдайлары да кездесіп тұрады. Бұл сияқты қылықтар педагогикалық этикаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жаман әдет.Педагог бала үшін жақсы да үлгілі өнеге беруі тиіс. Мейірімі мол адамның келбетінің өзі кез келген оқушыны еріксіз бас идіреді, оған шабыт бере отырып, батылдық, адалдық, шыншылдық, қарапайымдылық және игілік арқалаған ұлағатты нәрселерімен еліктіре түседі. Адамда жақсы қасиет болмаса оған бақ та, бақыт та қонбайды. Ал біз педагог болғандықтан біздің білім, тәрбие беріп отырған оқушыларымыз саналы, тәрбиелі болып өссе деп тілейтіндігін нақтылап айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алып, **Әлібек Б.Ә.** Қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударылады. 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарының бірі – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жатады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда барынша табысқа жеткен елдердің тәжірибесін талдау қоғамда сыбайлас жемқорлықты руханиэтикалық деңгейде қабылдамау ахуалын қалыптастыру мейлінше тиімді тәсіл екенін көрсетті. Осыған байланысты елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс келешек түлектердің қызмет бейініне қарамастан барлық оқу орындарын қамтуға тиіс. Өткен жылдан бастап барлық жоғары оқу орындарындағы оқу процесіне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» атты жаңа пән енгізіле бастады. Дегенмен, бізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дүниетанымдық, этикалық, рухани аспектілерін жан-жақты көрсететін тиісті әдебиет әлі аз, ал бұл проблема бойынша қолда бар әдебиет көбіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық аспектілерін ашуға бағытталған. Оқу құралында қамтылған мәселелер кешеніне орай оларды төрт тарауға топтау орынды деп табылып, олардың әрқайсысы тиісті тақырыптық блокты қамтыды. Оқу құралы аясында оқырмандар сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сияқты ұғымдармен танысып, қазіргі күннің құбылысы ретіндегі сыбайлас жемқорлық және оның тарихи тамырлары туралы мәлімет алады. Тұлғаны сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұрғысынан тәрбиелеуде отбасының рөліне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ұлттық негіздеріне, шетелдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға айрықша назар аударылған. Бізде осы деңгейге жетік жасөспірімді дайындап шығарымыз қажет деген қағидатты әрбір мұғалім және әрбір адамзат алдына мақсат етіп қоя керектігін қадап, айтты.

Шешім:

1. Педагогтардың қызмет этикасы нормаларын сақтауына мониторинг және бақылау жұмыстары жүргізіліп отырылсын.
2. Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Этикалық кодекс салаларында ҚР заңнамасын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жеткілікті деңгейде түсіндірілді деп есептелсін.

Жиналыс төрайымы Абдрасилов Е.

Хатшы Тұрсынбекова С.Н.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№3 хаттамасы

02.04.2025 жыл

Қатысқандар:
Кеңес төрағасы: Абдрасилов Е.К.
Мүшелері:
Әлібек Б.Ә.
Тортаева Ж.Н.
АғабековаА.Б.
Байбосынова А.П.
Ибраева А.Х
Тұрсынбекова С.Н.

Күн тәртібінде:

1. Педагогтердің құқықтары
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп- этикалық нормалары
3. Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау
4. Әр түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе **Әлібек Б.Ә. сөз алды.**Педагогтердің кәсіби қызметіндегі құқықтары мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, кәсіби қызметіне негізсіз араласуға жол бермеу, педагогтің кәсіби беделін қорғау мәселелері айтылды.Педагог өз қызметін сапалы атқарумен қатар, білім алушылардың, ата-аналардың және әріптестердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуі қажеттігі атап өтілді.
Екінші мәселе бойынша **Ибраева А.Х сөз алды.**Педагогтердің көпшілік ортадағы мінез-құлық мәдениеті, сөйлеу әдебі, сыртқы келбеті, әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті және қоғам алдындағы кәсіби жауапкершілігі туралы түсіндірілді.Педагогтің кез келген ортада мектептің беделіне әсер ететін тұлға екені атап өтіліп, қоғамдық орындарда, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық, сабырлылық, әдептілік сақтау қажеттігі айтылды.
Үшінші мәселе бойынша **Тортаева Ж.Н.**Мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау мәселесі қаралды. Педагогтер арасында өзара құрмет, ынтымақтастық, кәсіби қарым-қатынас, әділдік пен жауапкершілік қағидаларын сақтау қажеттігі түсіндірілді.Педагогикалық әдеп нормаларын бұзуға әкелуі мүмкін жағдайлардың алдын алу, туындаған мәселелерді

өркениетті түрде шешу және әріптестер арасында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтер өздерінің кәсіби қызметінде педагог мәртебесіне қатысты заңнамалық талаптар мен педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.
2. Педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу қамтамасыз етілсін.
3. Көпшілік ортада педагогикалық әдеп пен мінез-құлық мәдениеті сақталсын.
4. Әріптестер, білім алушылар және ата-аналармен қарым-қатынаста өзара сыйластық, әдептілік және толеранттылық қағидалары басшылыққа алынсын.
5. Әлеуметтік желілерде және қоғамдық ортада педагогтің кәсіби беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол берілмесін.
6. Мектепте педагогикалық әдепті сақтау бойынша түсіндіру және алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Хатшы: Тұрсынбекова С.Н

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№4 хаттамасы

06.05.2025 жыл

Қатысқандар:
Кеңес төрағасы: Абдрасилов Е.К.
Мүшелері:
Әлібек Б.Ә.
Тортаева Ж.Н.
АғабековаА.Б.
Байбосынова А.П.
Ибраева А.Х
Тұрсынбекова С.Н.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагог бейнесі және кәсіби мәдениеті.
2. Өзін-өзі тәрбиелеу жолдары.
3. Педагогтердің әлеуметтік желілердегі және қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша: А.Б Ағабекова педагогикалық әдеп жөнінде сөз сөйлеп, педагогтің қоғамдағы орны мен кәсіби беделінің маңыздылығына тоқталды.Педагог – білім беруші ғана емес, оқушыға үлгі көрсететін тұлға. Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, мінез-құлқы, қарым-қатынасы, жауапкершілігі мен кәсіби білімі оның педагогикалық бейнесін қалыптастырады.Педагог мәдениеті туралы атап өтті. Әріптестерімен, оқушылармен және ата-аналармен әдепті қарым-қатынас жасауы,оқушының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі,кәсіби міндеттеріне жауапкершілікпен қарау,сөйлеу мәдениетін сақтауы қажет екені атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша: Тортаева Ж.Н. сөз алды.Өзін-өзі тәрбиелеу – педагогтің кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды бөлігі екені айтылды. Педагогтің өзін-өзі тәрбиелеу жолдары, өз іс-әрекетіне күнделікті талдау жасау,кәсіби білімін үнемі жетілдіру,эмоциясын басқару және сабырлы болу, сын-пікірді дұрыс қабылдау уақытты тиімді жоспарлау,кітап оқу, білімін толықтыру,әріптестерінің тәжірибесінен үйрену туралы атап өтті.Педагог әрбір жағдайда өзін бақылап, өзінің сөзі мен әрекеті оқушыға, ата-анаға және қоғамға қалай әсер ететінін ескеруі қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша: Ибраева А.Х сөз алды.Педагогтердің әлеуметтік желілердегі және қоғамдық орындардағы мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар түсіндірілді.Педагог әлеуметтік желілерде әдепті және мәдениетті тіл қолдануы, мектептің, әріптестерінің, оқушылары мен ата-аналарының абыройына нұқсан келтіретін ақпарат жарияламауы,қызметтік және жеке ақпараттың құпиялылығын сақтауы, педагог мәртебесіне сай контент орналастыруы,дау туғызатын, қорлайтын және әдепсіз пікірлерден аулақ болуы, әлеуметтік желідегі пікірлері мен жарияланымдарына жауапкершілікпен қарауы қажет екенінн атап өтті.Қоғамдық орындарда педагог өзінің кәсіби мәртебесін ескере отырып, мәдениеттілік пен әдептілікті сақтауы, айналасындағыларға құрметпен қарауы және мектептің беделіне кері әсер ететін әрекеттерге жол бермеуі тиіс екені атап өтілді.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтер педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.

2. Педагогтің кәсіби бейнесін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

3. Педагогтер өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби тұрғыдан дамыту жұмыстарын тұрақты түрде жүзеге асырсын.

4. Әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде педагогикалық әдеп пен жауапкершілік талаптары сақталсын.

5. Қоғамдық орындарда педагог мәртебесіне сай мәдениетті мінез-құлық қалыптастырылсын.

6. Осы хаттамада қаралған мәселелер мектеп педагогтерінің назарына жеткізілсін.

Хатшы: **Тұрсынбекова С.Н**